

**АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯСЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ
АДАМДАРЫНА ӘСЕРІ**

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

- ◎ Алматы облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 224,0 мың км². Облыс аумағында 16 аудан және 3 облыстық бағыныстағы қала) бар. Тұрғыны 1922 мың адам (2015).

- Алматы қаласы орналасқан тау беткейінің климат жағдайларының өте қолайлы екендігіне қарамастан қала атмосферасының өздігінен тазару қасиеті төменгі дәрежеде, бұнымен қатар атмосфераны ластаушы стационарлы, қозғалмалы көздердің артуына байланысты қала атмосферасының ластану деңгейі халықтың денсаулығына кері әсерін тигізіп отырғаны аса маңызды экологиялық проблемаға айналып отыр.

- ◎ Бүгінгі күнде Алматы дүниежүзіндегі 25 ластанған қаланың тізіміне еніп отыр. Қаламыздың Қазақстандағы ең лас қала аталуының басты өзекті көзі - автокөліктер.
- ◎ Ал әрбір мың автомобильден күніне ауаға 3000 кг көміртек оксидтері, т.с.с отынның толық емес жану өнімдері бөлінеді. Жыл сайын олар 280 млн тонна шамасында көміртек тотығын, 56 млн тонна көмірсутек, 28 млн тонна азот тотығын ауаға қосады.

КӨМІРТЕГІ ОКСИДІ (CO_2) МЕН МОНООКСИДІ (CO).

- Көміртегі оксиді улы емес, ал монооксид - улы. Ол адамның қанындағы гемоглабинмен қосылып, зиянды қоспа түзеді де, ауру туғызады. Деректерде: XIX ғасырдың 20 - жылдары CO_2 мөлшері - 0,29 % болған. 1990 жылы - 0,35 % , яғни 20 пайызға көбейген. Ал 2000 жылы - 30 пайызға жеткен екен.

АЗОТТЫҢ ҚОСЫЛЫСТАРЫ

- Адам баласы азот оксидтеріне душар болған жағдайда, тыныс жолдарының қабынуы, бронхит, ентікпе, өкпе - тыныс жолдары ауруларынан зардап шегеді.









АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ТАБИҒИ ОРТА НАШАРЛАУЫ

- 1. Жел эрозиясы. Алматы облысының шөлейт аудандарында желдің жиі соғуы нәтижесінде жел эрозиясы кеңінен орын алған.
- Сасықкөл және Алакөл жазықты ауданындағы құм алаптары мен құмдауыт топырақ жел эрозиясына ұшыраған; ұшарал аласа таулы - жоталы - жазықты ауданында орташа және қатты жел эрозиясы және таулы - жазықты Алакөл ауданында төменгі дәрежелі жел эрозиясы байқалады.

- ◎ **Жел эрозиясына** ұшыраған жеті аудан анықталды. Панфилов алабындағы жыртылған учаскелерде жел және ирригациялық эрозия болуы мүмкін; тау сағасындағы Қаратал ауданы орташа және күшті жел эрозиясымен; Ақсу таулы - жазықты ауданында құмдауыт топырақты жел эрозиясы процесі және ирригациялық эрозия байқалады; Лепсі ұсақ - құмды жазықты ауданы орташа және күшті жел эрозиясына ұшыраған;

◎ Су эрозиясы.

- ◎ Іле алатауының таулы аймақтарындағы жазықтықта, Кеген және Нарынқолдағы тауаралық жазықтығында аумақтың едәуір беткейленіп, таратылуы әсіресе, Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ және Кербұлақ аудандарының шаруашылықтарында әлеуетті қауіптілік байқалады. Жауын - шашын мен қамтылған барлық тәлімі алқаптар 2-ден 12 градус аралықтарындағы таулы беткейлерде орналасқан алқаптар. Олар тез шайылып кетуге ыңғайлы болып келеді.



ГЕОЛОГИЯСЫ

- Облыстағы таулар Тянь-Шань тау жүйесінен бой түзеген және кембрийге дейінгі кристалды тақтасты тау жыныстары қабаттарынан түзілген. Сондай-ақ мұнда конгломераттар, туфтар, әктастар, граниттер т.б. палеозой жыныстары кеңінен тараған. Тау етегі және облыстың биіктігі орташа өңірлері плейстоцен мен антропогендік шөгінділерден түзілген.

КЛИМАТЫ

- Алматы облысының климаты негізінен континенттік. Қысы қоңыржай салқын. Қаңтар айындағы орташа температура солт. жазық бөлігінде — $10-16^{\circ}\text{C}$, оңтүстікте — $4-9^{\circ}\text{C}$. Жазы ыстық және қуаң. Шілде айының орташа температурасы солтүстігінде 25°C , оңтүстігінде 27°C . Бұл жазық өңірлерде жауын-шашынның орташа жылдық мөлш. $110-250\text{ мм}$.

- Тау бөктерінің климаттық жағдайы жұмсақ. Қаңтар айының орташа t — $5-9^{\circ}\text{C}$, жылымық жиі болып тұрады. Шілде айының орташа t тау бөктерінде $21-23^{\circ}\text{C}$, тау аңғарларында $19-22^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашын тау бөктерінде $400-600$ мм, тау аңғарларында $700-1000$ мм. Облыс жерінде жауын-шашын негізінен көктем мен жаз айының басында жауады. Солт. өңірдің жазығы мен тау бөктерлерінде қар жамылғысының орташа қалыңд. $10-30$ см, тау беткейлерінде $40-100$ см. Балқаш және Алакөл жағалауларында бриз желі соғады.

ТҰРҒЫНДАРЫ

- Тұрғындарының орташа тығызд.
1 км²-ге 7,3 адамнан (1997), тау етегінде (теңіз деңгейінен 500-900 м) 1 км²-ге 19 адамнан, Балқаш атырабында 1 км²-ге 2,6 адамнан келеді. Олардың 30,3 пайызы (Алматы қаласын қоспағанда) қалада тұрады.

ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ

2010	2011	2012	2013	2014	2015
1 836 563	1 873 374	1 909 362	1 946 627	1 984 518	1 922 107

- Алматы қаласы еліміздегі ең ірі мегаполис болып табылады. Тау баурайында орналасқан, жел соқпайтын, климаты ыстық, қалада фотохимиялық реакциялар тез жүріп, ауадағы неше түрлі лас компоненттер оңтүстік астана тұрғындарының денсаулығына айтарлықтай зиянын тигізіп отыр

- Оңтүстік астанамыз Алматыда тұрмыстық қатты қалдықтарды жою үлкен проблемаға айналууда. Қаладағы жалғыз қоқыс полигонына (Алматы облысы, Қарасай ауданы) жылына 1млн.м³-тан астам қалдық тасталады. Сонымен қатар, территорияларда стихиялы қоқыстардың құрылғаны байқалады. Одан басқа, Алматыда зиянды қалдықтарды көметін арнайы полигон жоқ.

